

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Қазығұрт аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеті

## Шығармашылық жұмыс

# Бала тәрбиесіндегі Ұлттық ойындар



«Балдырған» балабақшасының  
тәрбиешісі Дәuletбаева Тоқжанат

Қазығұрт



QAZYRAT.RU

**Талаптың мініп тұлпарын,  
Алға ұмтыл, ұрпағым**



**Тәжірибе авторы:**

**Дәuletбаева Тоқжанат Абдрайымқызы**

**Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы  
«Балдырган» балабақшасының тәрбиешісі**

Пікір.

Қазақ қашанда да қара басынан гөрі үрпақ қамын көбірек ойлаған, бала дегенде бауыр еті елжіреп, аузындағысын жырып берген халық қой. Бұл – артымда ізім қалсын, үрпақ жалғассын деген игілікті ниеттің көрінісі. Бірақ, баланың қарны ток, киімі бүтін болуы ғана жеткілікті ме? Әрине жоқ. Бұлар тек денсаулықтың қамы. Ал баланы ойдағыдай етіп өсіру – тек жан-жақты тәрбиенің ісі. Сондықтан балабакшалардағы бүлдіршіндерді жан-жақты тәрбие беруде ұлттық дәстүрге баулуда бұл әдістемелік құрал жас тәрбиешілері үшін тигізер пайдасы мол.

Аудандық білім белімінің  
мектепке дейінгі білім беру әдіскері    Ж.Суранова

**«Балдырган» балабақшасының  
менгерушісі:** **Б.Жетпісбай**

## Алғы сез

«Білімді мынды жығадь»

Халық мақалы

Бала ана құрсағында жатып-ақ сыртқы дүниемен байланыста болады. Атақты педагог ғалымдар екі жүкті әйелге біреуін тыныш жайда, ал екіншісін музика даусын көтеріп қойған жайда ұстап тәжірибе жасайды. Тұылған кезде екіншісінің баласы пысық ал алғашқысының баласы жуас момын болған. Сондықтан бала тәрбиесін құрсақтан бастау қажет. Бір ата-ана баласы туылғаннан 4-5 айдан кейін данқты педагог А.С.Макаренкодан тәрбиені қашан бастасақ болады деп сұраса ол кісі тәрбиелеуден 4-5 ай кешігіп қалыпсындар. Тәрбиені сәбі дүние есігін ашқан күннен басталады деген екен. Олай болса тәрбие баланың өмір бойы ата-ана, тәрбиеші, оқытушы, қоғам болып жүргізетін үлкен бір маңызды да, жауапкершілігі мол, абыройлы комплекті жүргізілетін шаруа. Осы көп салалы тәрбиенің бірі мектепке дейінгі орны балабақша. Бала жанұяды көзін ашып, дыбыс шығарып, қол ағын ербендетіп, әр нәрсеге қарап өзінше әрекет-кимыл жасап, жүгіріп жүре бастаса, енді бақшада осы әрекеттерін одан ары дамытады.

Баланың ой-өрісі дамып, сез қоры молайып, қоршаған органды танып, ыстық-сүйкты сезініп, тұс реңді ажыраты бастайды. Осылайша баланың дүниетанымы дұрыс қалыптасады. Осы орайда осы мақсаттарды өмір талабына сай жүзеге асыруды балаға көп тиімді ықпал ететін тәрбиенің ең негізгісі ойындар мен ойыншықтардың пайдасы мол. Елімізде тәуелсіздік орнағаннан бері 20 жылдың ішінде еліміздің халқымыздың болашағы қазіргі жас ұрпақтың қолында деген қағиданы ел президенті Н.Ә.Назарбаев жылдағы халыққа арнаған жолдауларында ұран етіп айттып келеді. Сол болашағымыз қазіргі жас жеткіншектерімізді Отанын, халқын сүйіп ел тәуелсіздігін патриоттық сезімін қорғап, нығайта біletін етіп тәрбиелеуде балабақшаның алатын орны мен атқарар жауапты да құрметті істері сан алуан. Соның бірі де бірегейі бүлдіршіндерге ұлттық сана-сезім, сал-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды сіңіру үйрету арқылы қалыптастырып, құнделікті өмір тұрмыстық қажеттілікке айналдыру болып табылады. Ізденген тәрбиешіге, ата-анаға бұның әдісі мен тәсілі, жолы көп. Осы мақсатты құнделікті жүзеге асыруды өзіне мақсат етіп, көп оқып білім ізденіп, жаңаша шығармашылықпен еңбек етіп жүрген озатта, ұлағатты ұстаздармен тәрбиешілер аз емес. Солардың бірі Жаңабазар ауылындағы «Балдырган» балалар бақшасының тәрбиешісі Тоғжанат Даuletbaeva десек болады.

Т. Даuletbaeva өз тобындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр баланың ата-анасымен жеке пікірлесе отырып іс-әрекет етеді. Жоғарыда айтылған мақсаттарды жүзеге асыруды Тоғжан халқымыздың ежелден келе жатқан ұлттық ойындарына ерекше көңіл бөледі. Құнделікті тәрбие жұмысын алдын ала жоспарлайды. Білмегенін сұрайды, ізденеді, оқиды, табады. Тоғжан Даuletbaevаның тәжірибесін кімге де үлгі етуге болады.

«Ізденген жетер мұратқа, ұстаздық еткен жалықлас үйретуден балаға» деген ақын Абай атаның өснегінен жаңылма Тоғжан.

Зейнеткер ұстаз Төленді Оспанов.

## Тәрбиесіз білім – тұл

Ұлылықтың басында ұстаз тұрар,  
Зердесі бар зейінді соны ұғар.  
(халық даңалығы)

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деген Абай атамыздың айтқанындағы бүкіл өмірімді ұстаздық етуге арнағандықтан оның қашшалықты қын және қызықты, қашшалықты маңызды екенін жақсы билетін адамдардың бірімін. Мәселен адам өмірінде ен бірінші орынға ұрпак сүюді қояды, сол себептен де бала тәрбиесі басты мәселе болып табылады.

- **Балаға ен әуелі қажетті білім бе, алде тәрбие ме?**
- Бірінші - тәрбие. Тәрбиесіз алған білімнің қажеті де болмауы мүмкін. Баланы саналы түрде тәрбиелеп, білім беруіміз керек.
- **Балалардың дұрыс тәрбеленуіне әсер етуші факторлар қандай?**
- Енді мына заманды мысалға теледидар арқылы

қашшалықты ақпараттар тартылады. Сонда көрсетіліп жатқан кино-техникалардың барлығы дерлін атыс-шабыс, қырғын соғыс түрінде берілуде. Біздің өзіміздің ұлттымызды танытатын, салт-дәстүрлерімізді көрсететін, қазақ иісін сездіретін бағдарламалардан бұрын сәбілерге арналған қазақ мультипликациясы жоқтың қасы. Ойнап жүрген ойыншықтарына дейін қытайдың атыс-шабысына арналған ойыншықтары. Бұның бәрі алдымен баланың психологиясына әсер етеді? Мәселен, асық ойынын алатын болсақ. Ол тек қазақи болмысты ғана көрсетіп қоймай баланы асық арқылы дәлдікке, икемділікке, шеберлікке үйретеді. Қазақ халқының бұрын ұмыт болған ойындарын қайтадан жандандырса құба-құп болар еді.

Орташа ұстаз баяндайды,  
Жақсы мұғалім түсіндіреді.  
Тәжірибелі мұғалім көрсетеді,

Ал ұлы мұғалім шабыттандырады, - демекші нағыз ұстаз иынадай қасиетерді игеруі тиіс. 1) Ен біріншіден – ұстаз балаларды сүйе біліуі қажет; 2) Баланы түсіне білу – оның орнына өзінді қою; 3) Баланың досына айналу – оған қолдау көрсету және көмек көмектесу; 4) Баланы бір-бірімен салыстырмау, себебі әр адамның өзіне тән ерекшеліктері болады. Ол ерекшеліктерді тауып, дамыту қажет; 5) Және баланы құрметтеу.



## Ата баба дәстүрі – асыл мұра

Катал ұста, бос жүрмесін сандалып,  
Тәртіп болса, өсер бала сомдалып,  
(халық даналығы)

Ата-бабаларымыз өмірдегі бас асылын үрпағына арнаған, оның келешегін әріден ойлап, нәрестенің дүниеге келген сәтінен-ак шілдехана, бебек тойы, тұсай кесу, тілашар рәсімдерін жасауда әдейі ойлап тапкан.

Отбасы, балабақша – бала дүниеге келгеннен кейінгі тәрбие, білім алатын алғашқы баспалдақтар болып табылады.

Тарихы: Казак халқы өмірге дені сау, шыныққан азаматтар тәрбиелеу жөнінде өз үрпактарына үлкен де бай мұра қалдырған. Соның бірі – ұлттық ойындар. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көз-қарасының, міnez құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған.

Қазір бізге жеткен ұлттық ойындарының тарихы Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыштан басталады. Тоғыз құмалақ, күйршак, асық ойындары. Азия елдерінде тайпалық одактар арасында тараған. Қазақтың ұлттық ойындарын алғаш рет зерттеген ғалымдар катарына Әбубекір Диваев есімін құрметеп атауға болады. «Сокыртеке», «Түйе-түйе», «Аксүйек» «Алтыбақан» және т.б. Қазақстың ұлттық ойындары ата-бабамыздан бізге жеткен, өткені мен бүгінгісін байланыстырған баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай үрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятады.

Сол себепті менің алға қойған мақсатым балабакшадағы ертеңгіліктер, қызықты ойын-сауықтар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойындар арқылы балаға сәби кезінен бастап ұлттық салт-дәстүрлерімізді бойына сініру.

Балалардың ой-өрісін дамыту., сөздік корларын байыту.



## Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.

Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі  
Я.А.Коменский



Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаган дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздал жанар оты.

Ойын – тынысы кең, алыска мензейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға киял мен қанат бітіретін, ақыл-ой жетекші, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанына қазак халқының ойындарымен таныса отырып, көзіміз әбден жетеді. Мысалы: математика іс-әрекетінде балалардың ой-өрісін дамытатын «Санамақ» ойыны. Оның басты ерекшелігі – баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік корын дамытуға, түрлі дағдымен шеберлікті менгеруге, киындықты жеңуге, төзімділікке баулиды. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезініп, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет таныта, түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сұнгиді.



## Қылттың ніңнегіндең үкімі ні Ойын жәділ мактауның



Ойыңсыз ақыл-ойдың қалыпты  
дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес.  
В.А.Сухомлинский

Ұлттық ойын ойнау арқылы окушылардың өз салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігі артады. Сондықтан мен өз оқу іс-әрекеттерімде мынандай ұлттық ойын түрлерін ойнатамын «Бәйге», «Хан талапай», «Орамал тастамақ», «Соқыр теке», «Қамшы» т.б. ойындар.

Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты рөл аткарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дene дамуы жақсарса, екіншіден ұлттық ойындардың мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет-ғұрпымыздан хабар алады.

Садақ тарту, асық ату ойындары балаларды нысанага дөп тигізуге үйретеді. Асық ату ойнын көз жітілігін, мергендікті дамытады, ұстамдылықты қалыптастыруға, қарсыласын сыйлай білуге, адалдық және басқа да ізгі қасиеттерді қылыштастыруға негіз болады.

Қазақтың ұлттық ойындарының ерекшелігі сонда оларды «Ұйымдастырылған іс-әрекет» кезіндегі де, «Сергіту сәтінде» де, «Серуенде», «Алақай! Ойында!» осы аталған белімдерде де қолдануға болады.

Ойын баланың күш-куатын молайтып, оны шапшандыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп-өсүіне де пайдасын тигізеді. Сондықтан да осы ұлттық ойындардың ішінде мен естиярлар (ортанғы) тобының жас ерекшеліктеріне қарай ұлттық ойындардың бірі «Хан Талапай» ойынын таңдал алдым.

Бұл ойын курделі әрі кең тараған, ойнау ережесі жағынан біршама женілдеу. Жалпы, «Хан Талапай» ойынының казақ халқының өміріндегі талау (өлген ханның немесе женілген жаудың дүние-мұлқін талдау) құбыльсымен тарихи байланысы бар деген болжам да кездесіп қалады. Бұл ойында тек ұл балалар ғана емес, бозбалалар мен бойжеткен қыздар да (2-3 адамнан екі топ) дейін болады. Асық санын келісіп алады, бірақ асық неғұрлым көп болса, ойын соғырлым қызықты өтеді. Ойнаушылар алқа-қотан отырысады. Жеребе бойынша, бірінші болған адам ойынға катысушылар алдына барлық асығын жайып төгеді. Асықтардың бірі айшықталып боялған болады. Бұл – «хан». Егер ойында хан тәйке түссе, ойыншықтардың бәрі «ханды» жабылып тонай бастайды. Мүмкіндігінше, әр ойынши көбірек асық алуға тырысады.

Ханды тонағаннан кейін, асықтарды (жана тобын) басқа ойынши (топ) шашады. Ойын осылай жалғаса береді. Кім көбірек асық алса сол женимпаз атанады. Негізінен «Хан талапай» ойыны бұдан да курделі ойналады. Бірақ өз топ балаларымның жас ерекшеліктеріне байланысты мен бұл ойында онайлратып алдым. Негізгі ұйымдастырылған іс-әрекеттің қолданудағы максатым балаларды шапшандыққа, бір-бірімен тату ойнауына ықпалын

тигізеді деген мақсатпен осы ойынды ойнатамын. Ойын ойнамас бұрын оның  
қайдан шыққанын, төрт түлік жайлы, үлкен және кең көлемде айтып өтемін.

Бұк түсетін, шік түсетін  
Ойын түрі бар еді  
Болса егер сондай ойын  
Немен оны ойнайды?  
*(асық)*

деп жұмбактап, шешуін таба алмаса өзім айтып, ойынымды бастаймын.

## Жіліктен шыққан сүйек

Ойнаймыз біз шертіп

Бәрімізге тансық

## Аты оның асық.



## **Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындарды қолдану**

### **«Хан Талапай»**

**Ойын ережесі:** Балаларды шенбер бойымен отырғызамын. Балалармен қосылып мына өлеңді айтамыз

«Талапай-ау, талапай,  
Табылды ойын, алақай!  
Асықты алға шашамыз.

Талапайға басамыз, - деп өлең шумакпен айтып асықты шашып жіберем. Балалар шашылған асықты жинап алады. Өр бала өзінің жинаған асығын санап кімдікі көп, кімдікі аз, тең екенін айтады. Кейде асықтардың үлкен, кішісін айтады, салыстырады.

Ойын – тиімді тәсіл.

Жалпы балалардың мектепке дейінгі ең негізгі ісі ойын болғандыктан, оқытып, санатып үйрету барысында олар біртіндеп ойын әрекетінен таным әрекетіне түрлі ойындарды ойнау барысында бейімделуі тиіс осы сөздің өзінен-ақ балалардың танымдық әрекетін қалыптастыруда ойынның қаншалықты маңызы бар екенін түсінуге болады.

### **Орамал тастамақ**

Бұл ойынды аулада дене-тәрбиесі іс-әрекетінде, қимылды ойындарда, және математика, тіл дамыту оку іс-әрекетінде де пайдаланамын.

**Ойын шарты:** Дене тәрбиесінде бұл ойынға катысушыларға шек қойылмайды. Ашық аланда ойналатын ойын. Балалар шенбер болып тізерлеп отырады. Ортада ойын бастаушы орамалды кез-келген баланың алдына тастап қаша жөнеледі. Алдына орамал түскен бала күшпі жетуі шарт, жетпесе ән, такпак айтып береді. Ойын осылайша жалғаса береді. Нәтижесінде балалар ойынды ойнау барысында қимыл-қозғалысқа түседі және бір-бірінен әндер, тақпақтар үйренеді. Осы ойында тіл дамыту іс-әрекетінде орамалды кез-келген баланың алдына тастап, бір сөз айтады.

**Бастаушы: Бала**

**Орамал алушы: Бала – балдан тәтті.**

**Бала: Мал**

**Орамал алған бала: Төрт түлік мал немесе Малға – ешкі, сиыр, жылқы, қой.**

Ал, сөзді жалғастыра алмаған бала «жаза» тартады, яғни өлең, тақпак, ертегі айтып береді.

### **«Сокыр теке»**

Бұзау, Бота, Қозы, лак,  
Тоқты, Серке, Құлыншак,  
Торпак, Тана, Тай, Тайлак,

Құнан біліп, естіл ал!  
Сүзегенсің, тентек Теке аппак,  
Ізде оларды, ұста оларды, бақ-бақ!  
Іздеме тәртібі: Ойнайтын балалар катар-катар тұрады. Ойын басқарушы тұрғандардың басқаруышын жеке-жеке мал атымен атап шығады. Ен соңғы атасы аталған бала «Соқыр теке» болады. Далада айналғанда жерге шенбер сыйылады.  
Ойын басқарушы ортаға көзі ормалмен таңылған «соқыр текені» шығарады.  
Содан кейін балалар;  
«Соқыр теке бақ-бақ,  
Қайдан бізді таппақ?! – деген өлеңді барлығы қосыла айтады. Өлең айтылып болысымен, шенбрдің ортасында қалған «Соқыр теке» балаларды ұстауда үмтүлады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шенберден шығып кетпеуі катты қадағаланады.  
«Соқыр теке» ұсталған бала оның орнына тұрады, ойын әрі қарай жалғаса береді.

### Бәйге

**Ойын шарты:** Екі топтан немесе екі бала өз жорғасын ұстап тұрады.  
Суреттер немесе сұрактар қойылған кеспелерге кім тез жауап берсе, сол дерене жорғасын мәрекеге жеткізеді.  
Тігіпті бос бәйгеге елу бие,  
Он отау, бір бас тоғыз, тоғыз түйе,  
Жабулы қара нарга қолы кілем,  
Аты озған болады бір олжага ие.

Осындай ойындарды істелінген іс-шараның дәлелі ретінде ортанды топта бес білім саласы бойынша өткізілген «Жайлаудағы ұлттық ойындар оку іс-әрекетінде және «Кішкентай сұлтан» атты байқауымды ұсынып отырымын.

Бала тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану ұйымдастырылған оку іс-әрекеттер мен ертеңгіліктердің үлгілері.

**Білім облысы:** Таным, қатынас, әлеуметтік орта.

**Білімі:** Математика, тіл дамыту, айналамен таныстыру.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы:** Жайлаудағы ұлттық ойындар.

**Ұйымдастырылған іс әрекеттің мақсаты:**

Айналадағы дүниенің елеулі белгілері ретінде бір санынан бес санына дейінгі түсінікті қалыптастыру. Уақыт өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру, яғи тәулік бөліктері тан, кеш, күн, түн атауларымен танысу. Ұлттық ойындар арқылы балаларды санауға, түр түсті ажыратуға және көп, аз деген ұғымдарды менгерту. Балаларға тақпактар, өлеңдер, снамактар айту арқылы тіл байлықтарын дамыту.

**Көрнекіліктегі:** Топ ішіндегілген кішкене қазақ үйі оның ішінде қазактың ұлттық жиһаздарымен толтырылған және үлкен жайлаудың суреті ілінген. Асықтар, қатты қағаздан жасаған аттың мүсіні және қамшылар, суреттер.

Iс әрекет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Бала әрекеті
Ынталан дыру кезеңі	Қане, балалар алдымен бір бірімізбен сәлемдесіп алайықшы.	Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Ііліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Сәлеметсіздер ме?
Ұйымдастырылған іс-әрекет кезеңі	<p>Ардақты дос, аяулы дос, жарқын дос дегендей бір бірімізге күлейік.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Тәулік бөліктегі» Балалар, үйлеріңе үйқыдан оянған кезде, аналарың: таң атты тұру керек дегенде сендер не істейсіндер.</p> <p>Балабақшада сендер күнде жаттығу жасайсыңдар. Шәй ішесіндер, сосын іс-әрекет жүргіземіз. Мұның бәрін біз таңертең жүргіземіз.</p> <p>Содан соң киініп серуенге шығамыз. Ойыннан келген соң, шешініп қолымызды жуып, тамақ ішіп, үйықтайтын уақытты қалай атауға болады.</p> <p>Үйқыдан тұрып тамақ ішіп, үйықтайтын уақытты қалай атауға болады.</p> <p>Үйқыдан тұрып тамақ ішіп, аяқталмаған жұмыстарымызды жалғастырып, ойнаған соң, атапаналарың үйге алып кететін уақытты білесіндер ме?</p> <p>Сендер жайлауды білесіндер ме?</p> <p>Жайлауда нелер, кімдер болады?</p> <p>Ойын: «Суреттерді құрастыр»</p> <p>Онда бүгін біз жайлауга</p>	<p>Досым күлейікші</p> <p>Динара: мен киінемін, тәсегімді жинаймын, сосын жуынамын, анам менің шашымды тарайды, сосын балабақшага барамыз, бұл уақытты бір таңертенгілік уақыт деп атайды.</p> <p>Тұс уақыты.</p> <p>Кеш уақыты</p> <p>Балалар атпен, автобуспен, машинамен деп жауап береді.</p> <p>Жоладры ирек екен, таудан судан өтеді. Тастары бар.</p> <p>Балалар аттарына мініп аттың шабысына салып шабады.</p> <p>Гауһар: «Әукешім», Әлімхан «бөрте лак», Шұғыла «Кұлышашым құндызыым» Киіз үй.</p> <p>Пернебай: Сәлеметсіндер ме?</p>

барайық. Жайлауға немен, қалай баруға болады?

Жайлаудың жолдары қандай екен?

Олай болса біз атпен барайық.  
Жайлауға жеткенше өлең,  
тақпақ айтып барайық.

Біз жайлауға келіп те қалдық.  
Алдымыздың қандай үйлер?  
Балаларды қазактың ұлттық  
кімін киген ересек бала қарсы  
алып жылы шыраймен  
амандасты.

Балалар мен осы үйдін  
кенжесімін. Атым Пернебай.  
Жасым 6-да. Сендер жайлауға  
кетіп қалыпсындар, бәріміз енді  
бірге ойнайық – деп өзінің  
коржындағы асықтарын алып  
шығады.

### Ойын: «Хан талапай»

Сергіту сәті:

Ал балалар енді біз Пернебайға  
өзіміздің «Соқыр теке» деген  
оыйнымызды ойнал берейік.  
Енді қайтатын уақытымыз таяп  
қалыпты. Пернебайға коштасар  
алдында санамак айтып берейік.

### «Саусақ ойындары»

Талапай ау талапай.  
Табылды ойын, алақай!

Асықты алға шашамыз,  
талапайға басамыз.

Балалар шашылған асықты  
жинап алады. Эр бала өзінің  
жинаған асығын санайды. Көп,  
аз екенін айтады.

Биік болып өсеміз,  
Жапырақтай жайқалып.  
Табиғатты сүйеміз,  
денемізді тік ұстап,  
билеп-билеп аламыз.

Балалар «Соқыр теке» ойынын  
ойнайды.

Санамак

Бірінші - басбармак,  
Екінші - балан үйрек  
Үшінші - ортан терек  
Төртінші - шылдыр шұмек.

Бесінші - кішкентай бәбек.

Бәріне ортақ алақан.

Пернебай: ой қандай тамаша,  
сендермен бірге менде демалып  
қалдым. Онда менимен саусақ  
ойындарын ойнайык. «Сиыр»  
қолды жұдырыкка жинап, сұқ  
саусақпен шынашакты

		<p>көтеріндер. Бұл «Сырдың мүйізі»</p> <p>«Ат» оң қолды келденен ұстап, бас бармақты көтеріндер, сол қолмен оң қолдың алақанын қысып алындар. Сол қолдың басбармағын екінші бармакка жақындалат. Екі бас бармақ «Аттың құлактары», ал басқа саусактар «Жылқының жаль». Сендерге рахмет балалар, апам пісірген бауырсақтан ауыз тиіп кетіндер. Сау болындар!</p> <p>Сау болыңыз!</p> <p>Балалар аттарына мініп топтарына қайтады.</p>
Жетек шілік қоры тынды	Ал енді осы ойындарды алдағы уақытта да ұмытпай ойнап жүрейік.	Балалар топқа барғанша «Қошақаным» әнін айтп барады...

Күтілетін нәтиже:

Білді: Уақытты бағдарлауды, «Ханталапай», «Соқыр теке» ойындарын ойнауды.

Білу қажет: Басқада ұлттық ойындар.

Сюжетті суреттер бойынша әнгімелей аруды, логикалық түрлі ойындарды өз бетінше ойнай біледі.

Қалыптасқан түсініктер:

Тәулік бөліктегі, ұлттық ойындардағы асықтар жайлы әнгімелелеу түсініктегі қалыптасты. Өз бетінше жұмысты өрбітіп, өз еңбегін бағалай білді.

### «Кішкентай сұлтан» атты мерекелік байқау.

**Жүргізуші:** Қымбатты қонақтар! Бұғін біз Ұлы Женістің – 65 жылдығына орай үлкен мерекелік байқау өткізгелі тұрмыз. Осы ұлы женістің 65 жылдығымен барлықтарынызды құттықтаймыз! Біздін аталарымыз жыл мезгілдерінің өте керемет кезінде женіске жеткен. Ағаштар гүлдеп, гүлдеріміз жайқалып тұрған шағы. Осы табигаттың сұлулығын біз жігіттеріміздің сүйкімділігі мен батылдығымен салыстыруға болады. Бұғынгі ертеңгілігімізді қызықты, ерекше өткізу үшін, біз «Ботақан» тобының жігіттерінің арасында бір-бірімен білім, өнер, тәрбие жағынан сайысу үшін жігіттің сұлтанын өткізіп отырмыз. Женімпаз жігітіміз кішкентай сұлтан атағын алады. (біздерді қолданаңыз)

**Жүргізуші:** әділ казылар алқасымен және сайыс түрлерімен таныстыру  
К.Р. жалпыға міндетті білім стандартының бағдарламасының бес білім саласы  
бойынша:

1. Катынас білім саласы бойынша - өзін-өзі таныстыру, сегіз қырлы, бір сырлы.
2. Таным білім саласы бойынша - баланың танымдық іс-әрекетін бағалау.
3. Шығармашылық білім саласы бойынша - «Қазақ батырлары» би өнері.
4. Әлеуметтік орта білім саласы бойынша - мен кішкентай ақынмын
5. Шығармашылық білім саласы бойынша - шебер болу арманым
6. Денсаулық білім саласы бойынша - ханталапай ойыны.

**Жүргізуші:** Уа, халайық, халайық,  
Мұнда назар салайық.  
Ата жолын жалғайық,  
Ел дәстүрін қолдамак.  
Жігіттер шықты ортаға  
Бүгін сұлтан атанбақ! – деп жігіттерімізді ортаға  
шақырамыз.

1. Ерсін Нариман
2. Құдайберген Бексұлтан
3. Орынбек Асылжан
4. Қасым Жаскелен.

**Жүргізуші:** Айбат алған ұлан бол,  
Халқың сүйген сұлтан бол.  
Бүгінгі мынау сынақта,  
Тұғырдан таймас қыран бол – дей отырып ұландарымызға  
сәттілік тілейміз.

### I. Өзін-өзі таныстыру

#### 1. Ерсін Нариман Ассалау мағалейкүм, халайық!

Амандастып алайық  
Нариман жігіт мен болам,  
Көңірдектен шыққан ер балаң.  
Әкем Қайрат есепші  
Анам Перизат мұғалім.  
Үй кенжесі болсам да  
Топтың алды боламын.  
Жігіттің болып сұлтаны,  
Қыздардың болып арманы  
Батыр болып өсемін  
Елімнің болып корғаны.

#### 2. Құдайберген Бексұлтан

Армысындар халайық!  
Үлкен-кіші ағайын  
Алдыменен өзімді  
Таныстырып алайын  
Мен Ермектің немересі

Бексұлтан менің есімім  
Әкем Ербол, анам Перне  
Олар елдің адамы  
Тәрбиелеп жатыр бүгін  
Мына мендей баланы  
Мен жігіттің сұлтанымын  
Әкім болам, батыр болам  
Елді аузына қаратқан

### 3. Орынбек Асылжан

Үмітпен сайысқа шықтым ортандызға  
Ізетпен сәлем бердім баршаңызға  
Өзімді таныстырысам теренірек  
Әр адам 7 – атасын білу керек  
Ұлы жұз бағыс елім  
Жаңабазар туған жерім  
Бұлдіршін Асылжан мен боламын  
Балдырган бала бақшасынан  
Әкем Марат салмақты  
Анам Гүлнұр ардақты  
Болсам деймін өскенде  
Мейірімді әрі жан-жақты

### 4. Қасым Жаскелен

Армысыздар ағайын  
Атым Жаскелен, Қасым Рысбай ұрпағымын  
Анам Ұлданай, әкем Әбдірахым  
Менде бір асылдың тұлпарымын  
Кішкентай сұлтан сайысына қатысатын,  
Балдырган балабақша сұнқарымын  
Ата-тегім - Ұлы жұз,  
Нағашым бар бағыстар.

### II. Кел балалар, ойнайық,

Ойнайық та, ойлайық – демекші сурет бойынша әңгіме.

### III. Күй нөсерін төгейік,

Жырдан моншак өрейік.  
Көңілденіп біз енді,  
Батырлар биіне кезек берейік.

### IV. Елімізде, жерімізде

Бүгін үлкен мереке.  
Болашақтың тыныштығын  
Корғайды жас ұландар бүгінде деп мен кішкентай ақынның атты сайысы.

### **1. Ерсін Нариман**

#### **28 Батыр.**

Тастар көкке атылды,  
Орман шулап, тау құлап...  
Жиырма сегіз батырды  
Жене алмады жау бірак  
Жамылды жер тұманды  
Өрт ішінде қалды бак  
Жиырма сегіз қыранды  
Жене алмады жау бірак.

### **2. Құдайберген Бексұлтан**

9-мамыр – Женіс күні.  
Атам отан корғаған  
Онда корқақ болмаған  
Алтын жұлдыз кеудеде  
Нағыз батыр ол болған  
Батыр ата-анамда  
Батыр үлкен ағамда  
Ал үйдегі әжеміз  
Алғыс айттар заманға.



### **3. Орынбек Асылжан**

#### **Батырлар.**

Әлия, Мәншүк апамыз,  
Бауыржандай атамыз.  
Фашистерден отанды  
Қорғап батыр атанды.  
Біз еліктеп өсетін  
Батырларың десе кім:  
Әлия, Мәншүк апамыз  
Бауыржандай атамыз.



### **4. Қасым Жаскелен**

Алаулап гүл тұрады,  
Туган жер құлпырады.  
Бибітшілік болса.  
Балалар болады аман,  
Аналар болады аман.  
Бейбітшілік болса.

### **V. Таңдайларың тақылдан,** **Сейлегенде сөз бермей** **Шешен болар ма екенсің.** **Бармақтарың майысып**

Шебер болар ма екенсің – ендігі кезекте ұлдарымыз шебер болу арманым деген атпен жапсырма іс-әрекетін көрсетеді.

Жігіттер жұмыс жасағанша, ән жетекшісінің балдыргандары өз өнерлерін көрсетеді.

#### **VI. Ойын: Ханталапай.**

#### **VII. Жүргізуши:** Уа, жігіттер, жігіттер,

Бар өнерді салындар  
Сұлтан атын лайықтап  
Біреуін женіп алындар.

Осымен жігіттерге қойылған талаптарымыз аяқталып келеді. Біз сайыссымыздың корытындысын сұрай отырып, әділ қазылар алқасынан бүгінгі жігіттің сұлтанын анықтауларыныңды сұраймыз.

**VIII. Женімпаздарды марапаттау.** Әділқазы төрайымы сайстырымды, әр балаға тоқтала отырып, сайыс женімпаздарын хабарлайды. Алған орындары, атақтары бойынша жүлделерін үлестіреді.





